

**«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

20.02.2026ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, логопед, педагог-психолог

Күн тәртібі

1. Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу.
2. Балабақшадағы түзете-дамыту жұмыстарының барысымен таныстыру.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Сейтахметов Амангелди бала құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндама жасады. Балабақшада тәрбиеленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына тұрақты бақылау жүргізілетіні, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасы қамтамасыз етілгені айтылды. Сонымен қатар ата-аналармен құқықтық түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп жатқаны таныстырылды.
2. Екінші мәселе бойынша педагог-психолог, логопед балабақшада жүргізіліп жатқан түзете-дамыту жұмыстарының барысы туралы ақпарат берді. Тәрбиеленушілермен жеке және топтық жұмыстардың жоспарға сәйкес жүргізілетіні, балалардың даму деңгейіне тұрақты мониторинг жасалатыны және ата-аналарға қажетті кеңестер берілетіні атап өтілді. Мамандардың өзара бірлескен жұмысының нәтижесінде тәрбиеленушілердің танымдық, тілдік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстардың оң нәтиже беріп жатқаны айтылды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе қамқоршылық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Бала құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтарының сақталуына тұрақты бақылау жалғастырылсын. Ата-аналар арасында бала құқықтары мен қауіпсіздігі жөніндегі түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу жалғастырылсын.
2. Түзете-дамыту жұмыстарының жүргізілу барысы қанағаттанарлық деп танылсын. Мамандардың тәрбиеленушілермен жеке және топтық жұмыстарын жоспарға сәйкес жалғастыру ұсынылсын. Ата-аналармен ынтымақтастықты күшейтіп, балалардың даму динамикасын тұрақты бақылауда ұстау қамтамасыз етілсін.



Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди
Хатшы Хайруллина Диана

Хатшы